

Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параграфын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2024 жылғы 20 тамыздағы № 322 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 23 тамыздағы № 68 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 тамызда № 34976 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 5-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы тексеру параграфы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік корғау
министрінің міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

_____ Н. Байбазаров

_____ А. Сарбасов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі

2024 жылғы 23 тамыздағы № 68
мен 2024 жылғы 20 тамыздағы № 322
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына және 143-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының үшінші абзацына және 258-бабы 3-тармағының екінші абзацына, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі 91-бабының 4-тармағына және 92-бабының 1-тармағына, "Тексеру парагының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы бөлігінде міндettі әлеуметтік сақтандыру саласындағы тәуекел (бұдан әрі – тәуекел) – "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) филиалдарының тексеру субъектісінің қызметі нәтижесінде әлеуметтік төлемге жүгінген адамдардың заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

3) бақылау субъектілері – Қордың әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы бөлігінде міндettі әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын филиалдары;

4) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

5) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шекілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шекілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

6) елеулі бұзушылықтар – әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы бөлігінде міндettі әлеуметтік сақтандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды:

әлеуметтік төлемдерді тағайындау (тағайындаудан бас тарту), қайта бастау, тоқтата тұру және тоқтату үшін қосымша құжаттар ұсыну қажеттігі туралы өтініш берушіні хабардар ету мерзімдерін;

әлеуметтік төлемдерді тағайындау (тағайындаудан бас тарту), қайта қарау туралы сот шешімін орындау тәртібін;

әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін бұзу;

7) өрескел бұзушылық – әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы бөлігінде міндettі әлеуметтік сақтандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды:

әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе бас тарту заңдылығын бұзу;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең тәменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

12) тексеру парагы – әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделерін сақтауға қойылатын талаптардың тізбесі.

2-тарау. Бақылау субъектілерін (объектілерін) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын объективті және субъективті

өлшемшарттарды айқындау (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

4. Іктимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау жолымен жүзеге асырылады.

6. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қызметтерін ұсынатын Қордың филиалдары жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дереккорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

8. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;
- 2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барудың алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері;
- 3) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

9. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық бөлімшелері талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректерді қалыптастырады.

1) Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

2) Жүргізілген профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты кезекті

мемлекеттік бақылау кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

10. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) мыналар жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – 71-ден 100 балға дейін қоса алғанда, тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде.

2) Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес нысанда субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес, мемлекеттік бақылаудың тиісті саласының ерекшелігі ескеріле отырып, реттеуші мемлекеттік органдың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

3) Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің жол берілетін мәндері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

3-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялышты ескере отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

11. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі

12. Осы Өлшемшарттардың 3, 4-тармактарына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін, бақылау субъектілеріне (объектілеріне) (SP) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша және осы Өлшемшарттардың 10-тармағына (SC) сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау 71-ден 100 балға дейінгі диапазонда берілген мәндерді кейін қалыпқа келтіру жолымен автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC, мұндағы

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылаудың әрбір субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

13. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 71-ден 100 -ге дейінгі балмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 8-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100 балл теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Аталған көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SP₃ = (SP₂ x 100/SP₁) x 0,7, мұндағы:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Аталған көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SP₄ = (SP₂ x 100/SP₁) x 0,3, мұндағы:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SP₃ + SP_H, мұндағы:

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

14. Осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

15. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкіл бойынша ең жоғары ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкіл бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

4-тарау. Тексеру параптартары

16. Тексеру парапты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

17. Тексеру параптартары осы Бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Әлеуметтік қамсыздандыру,
оның ішінде әлеуметтік
төлемдердің уақтылы және
дұрыс тағайындалуы,
Мемлекеттік корпорацияның
алушыға әлеуметтік төлемдерді
уақтылы және толық аударуы
бөлігінде міндетті әлеуметтік
сақтандыру саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы талаптарды бұзу дәрежесі

| № | Өлшемшарттардың атауы | Бұзушылықтар дәрежесі |
|---|---|-----------------------|
| | Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыру | |
| 1 | Жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру – жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша | Өреспекел |

| | | |
|----|--|---------|
| | жарамсыздық туралы паракта көрсетілген демалыс күнінен бастап | |
| 2 | Жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру – баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы паракта көрсетілген демалыс күнінен бастап | Өрескел |
| 3 | Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | Өрескел |
| 4 | Бала (балалар) бір жарым жасқа толған кезде оның күтіміне байланысты берілетін әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Елеулі |
| 5 | Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындау және жүзеге асыру | Өрескел |
| 6 | Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Елеулі |
| 7 | Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | Өрескел |
| 8 | Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Елеулі |
| 9 | Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | Өрескел |
| 10 | Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Елеулі |
| | Мемлекеттік корпорацияның "Орталықтандырылған Дереккор" автоматтандырылған ақпараттық жүйеда зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу жөніндегі | |

| | | |
|----|--|---------|
| 11 | уәкілетті органдагы банктік шоттарға есепке жатқызу жолымен алушыға зейнетакы, жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуын сақтау | Өрескел |
| 12 | "Орталықтандырылған Дереккор" автоматтандырылған ақпараттық жүйедағы зейнетакы, жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алушылар бойынша бірдей мәліметтердің Е-макет автоматтандырылған ақпараттық жүйеде сәйкес келуі | Өрескел |

Әлеуметтік қамсыздандыру,
 оның ішінде әлеуметтік
 төлемдердің уақтылы және
 дұрыс тағайындалуы,
 Мемлекеттік корпорацияның
 алушыға әлеуметтік төлемдерді
 уақтылы және толық аударуы
 бөлігінде міндетті әлеуметтік
 сақтандыру саласындағы
 тәуекел дәрежесін бағалау
 өлшемшарттарына
 2-косымша

Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесі

| Р/с№ | Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші | Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші бойынша ақпарат дереккөзі | Маныздылығы бойынша үлес салмағы, балл (сомада 100 балдан аспауга тиіс), wi | Шарттар/мәндер, xi | |
|------|-------------------------------------|---|--|--------------------|------------|
| | | | | 1-шарт/мән | 2-шарт/мән |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Кор филиалдарымен қарым-қатынастардағы тәуекел дәрежесін айқындаудың субъективті өлшемшарттарының тізбесі

Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін

| | | | | |
|--|-----------------------------|--|--|--|
| Жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айрылу жағдайы бойынша | Бақылау субъектісі ұсынатын | | | |
|--|-----------------------------|--|--|--|

| | | | | | |
|---|--|---|---|-------------------------|-----------------------------|
| 1 | әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру – жұктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы паракта көрсетілген демалыс күнінен бастап | есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 9 | Уақтылы тағайындау / 0% | Уақытымен тағайындау / 100% |
| 2 | Жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру – жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық туралы паракта көрсетілген демалыс күнінен бастап | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы тағайындау / 0% | Уақытымен тағайындау / 100% |
| 3 | Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері / Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 9 | Уақтылы тағайындау / 0% | Уақытымен тағайындау / 100% |

| | | | | | |
|---|--|---|---|-------------------------|-----------------------------|
| | | | | | |
| 4 | Бала (балалар) бір жарым жасқа толған кезде оның құтіміне байланысты берілетін әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері / Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы тағайындау / 0% | Уақытымен тағайындау / 100% |
| 5 | Жұмысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері / Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 9 | Уақтылы тағайындау / 0% | Уақытымен тағайындау / 100% |
| 6 | Жұмысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері / Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы тағайындау / 0% | Уақытымен тағайындау / 100% |
| | | | | | |

Уақыттымен

7

Еңбекке
қабілеттіліктен
айрылу
жағдайы
бойынша
әлеуметтік
төлемдерді
тағайындау
және жүзеге
асыру

Бақылау
субъектісі
ұсынатын
есептілік және
мәліметтерді
мониторингтеу
нәтижелері /
Мемлекеттік
органдар мен
ұйымдар
ұсынатын
мәліметтерді
талдау
нәтижелері

9

Уактылы
тағайындау/ 0%

| | | | | тагайындау / 100% |
|----|--|--|---|--|
| 8 | Еңбекке қабілеттілікten айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен үйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы тагайындау / 0% Уақытымен тагайындау / 100% |
| 9 | Асыраушысына н айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тагайындау және жүзеге асыру | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен үйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы тагайындау / 0% Уақытымен тагайындау / 100% |
| 10 | Асыраушысына н айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен үйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы тагайындау / 0% Уақытымен тагайындау / 100% |
| | Мемлекеттік корпорацияның "Орталықтандыр ылған Дереккор" автоматтандырылған акпараттық жүйеда зейнетақылар | Бақылау субъектісі ұсынатын | | |

| | | | | | |
|----|--|---|---|-----------------------|----------------------------|
| | м е н жәрдемақылар төлеу жөніндегі үәкілетті органдағы банктік шоттарға есепке жатқызу жолымен алушыға зейнетақы, жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуын сактау | есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы төлеу / 0% | Уақытымен төлеумеу/100% |
| 12 | " Орталықтандыр ылған Дерекор" автоматтандыры лған ақпараттық жүйедағы зейнетақы, жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алушылар бойынша бірдей мәліметтердің "Е-макет" автоматтандыры лған ақпараттық жүйемен сәйкес келуі | Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік және мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері/ Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері | 8 | Уақтылы төлеу / 0% | Уақытымен төлеумеу/100% |

бірлескен бұйрығына

2-қосымша

Әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы тексеру парагы

Субъектіге (объектіге) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Субъектіге (объектіге) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы

| № | Талаптардың тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|--------------------------|----------------------------|
| 1 | Жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру – жүктілік және босану бойынша енбекке уақытша жарамсыздық туралы паракта көрсетілген демалыс күнінен бастап | | |
| 2 | Жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру – жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге енбекке уақытша жарамсыздық туралы паракта көрсетілген демалыс күнінен бастап | | |
| 3 | Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | | |
| 4 | Бала (балалар) бір жарым жасқа толған кезде оның күтіміне байланысты берілетін әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, кайта бастау және тоқтату | | |
| 5 | Жұмысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындау және жүзеге асыру | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 6 | Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | | |
| 7 | Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | | |
| 8 | Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | | |
| 9 | Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру | | |
| 10 | Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату | | |
| 11 | Мемлекеттік корпорацияның "Орталықтандырылған Дерекор" автоматтандырылған акпараттық жүйеда зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті органдағы банктік шоттарға есепке жатқызу жолымен алушыға зейнетақы, жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді уақытылы және толық аударуын сактау | | |
| 12 | "Орталықтандырылған Дерекор" автоматтандырылған акпараттық жүйедағы зейнетақы, жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алушылар бойынша | | |

бірдей мәліметтердің "Е - м а к е т"
автоматтандырылған
акпараттық жүйемен
сәйкес келуі

Лауазымды адам (адамдар) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Тексерілетін субъектінің басшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК